

«Жұмабек Ахметұлы Ташенев атындағы университет» ЖШС		УЕ-01-23
Сапа менеджменті жүйесі	Университет ережесі	2-нұсқа
Оқу-әдістемелік кеңес		7 беттің 1-беті

Бекітемін  
«Жұмабек Ахметұлы Ташенев  
атындағы университет» ЖШС-ң ректоры  
 Қ.С. Байболов  
29.11.2023 жыл



## САПА МЕНЕДЖМЕНТІ ЖҮЙЕСІ

### УНИВЕРСИТЕТ ЕРЕЖЕСІ

УЕ-01-23

### ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС

#### АЛҒЫ СӨЗ

1. Білім беру бағдарламаларын әдістемелік қамтамасыз ету бөлімімен **ӨЗІРЛЕНДІ ЖӘНЕ ЕНГІЗІЛДІ**
2. Өзірлеген - Білім беру бағдарламаларын әдістемелік қамтамасыз ету бөлімінің басшысы Оралова З.М.
3. Келісілді - Оқу-әдістемелік жұмыстар жөніндегі проректор Байнеева П.Т.  
- Стратегиялық жоспарлау, мониторинг және сапаны басқару бөлімінің басшысы Суттибаева А.А.
4. Университеттің Ғылыми кеңесінің 29. 11. 2023 № 5 мәжілісінде талқыланып мақұлданды
5. Енгізілді - 2023
6. Тексерілу мерзімі - 2025

**Қызмет бабында пайдаланатын басылым**

Шымкент, 2023

«Жұмабек Ахметұлы Ташенев атындағы университет» ЖШС		УЕ-01-23
Сапа менеджменті жүйесі	Университет ережесі	2-нұсқа
Оқу-әдістемелік кеңес		7 беттің 2-беті

## **1 ҚОЛДАНУ САЛАСЫ**

1.1 Оқу-әдістемелік кеңес (әрі қарай ОӘК) университеттің оқу және оқу-әдістемелік жұмысына басшылық етеді. Оқу-әдістемелік кеңес оқу үдерісін әдістемелік қамтамасыз етудің сапасы мен тиімділігін арттыру мақсатында құрылады. Университеттегі оқу-әдістемелік жұмыс оқу процесінің әдістемелік қамтамасыз ету және жетілдіру, білім берудің жаңа технологияларын құру мен енгізу, профессорлық-оқытушылық құрамның біліктілігін жоғарылатуды қамтамасыз ету мақсаттарында жүзеге асырылады.

1.2 Ереже «Жұмабек Ахметұлы Ташенев атындағы университет» ЖШС-ң Академиялық саясатын және сапаны ішкі қамсыздандыру жүйесін қалыптастыратын нормативтік құжат. Білім беру бағдарламаларын іске асыратын құрылымдық бөлімдерге, факультеттерге, кафедраларға Ереже талаптарын орындау міндетті.

## **2 СІЛТЕМЕЛІК ҚҰЖАТТАР**

Осы Ереже мынадай заңдар мен нормативтік құжаттардың талаптарын ескере отырып әзірленді:

- Қазақстан Республикасының 2007.07.27 № 319-III "Білім туралы" Заңы (2023 ж. 10 қыркүйекте өзгерістер мен толықтыруларымен);

- Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 27 шілдеде № 28916 болып тіркелді;

- Тиісті үлгідегі және түрдегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 30.10.2018 № 595 бұйрығы (12.10.2023 ж. өзгерістер мен толықтыруларымен);

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 29.11.2007 ж. № 583 бұйрығымен бекітілген «Оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру және жүзеге асыру ережесі» (Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2023 жылғы 8 маусымдағы № 263 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілді);

- Әдістемелік (оқу-әдістемелік, ғылыми-әдістемелік) кеңес қызметі және оны сайлау тәртібінің үлгі ережесін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2007 жылғы 21 желтоқсандағы №644 Бұйрығы.

## **3 ЕРЕЖЕ МАЗМҰНЫ**

### **3.1 Оқу-әдістемелік кеңесті сайлау және жұмыс тәртібі**

Оқу-әдістемелік кеңестің жұмысы Ғылыми кеңесте бекіткен жылдық жұмыс жоспарына сәйкес жүзеге асырылады (1-қосымша).

ОӘК құрамы университеттің Ғылыми кеңесінде бекітіледі. ОӘК құрамына Бірінші проректор - оқу-әдістемелік жұмыстар жөніндегі проректор, құрылымдық бөлім басшылары, факультет декандары, кафедра меңгерушілері, жұмыс берушілер, университеттің өткен жылдар бойынша түлектері, студенттер, магистранттар кіреді.

Оқу-әдістемелік кеңесті оқу-әдістемелік жұмыстар жөніндегі проректор – төраға немесе төраға орынбасары басқарады.

ОӘК мүшелерінің ашық дауысы арқылы хатшы сайланады.

ОӘК отырысы екі айда бір рет өткізіледі.

ОӘК отырысы университеттің стратегиялық даму жоспарына сәйкес жүзеге асырылады.

Егер ОӘК отырысында оның мүшелерінің үштен екі бөлігі қатысып отырса, онда кеңес құқықты өкілетті деп табылады.

ОӘК әрбір мүшесі кеңестің барлық отырысына қатысуға, оның жұмысына белсенді араласуға, жүктелген тапсырмаларды уақытылы және нақты орындауға тиісті (2-қосымша).

«Жұмабек Ахметұлы Ташенев атындағы университет» ЖШС		УЕ-01-23
Сапа менеджменті жүйесі	Университет ережесі	2-нұсқа
Оқу-әдістемелік кеңес		7 беттің 3-беті

ОӘК отырысында қаралған мәселенің нәтижесі бойынша қатысып отырған мүшелерінің басым көпшілік дауысымен әдістемелік кеңестің ұсынысы қабылданады және хаттамамен рәсімделеді. Отырыстың хаттамалары мен қаулыларына ОӘК төрағасы мен хатшысы қол қояды (3-қосымша).

### **3.2 Қызметі**

3.2.1 Университеттің білім беру қызметін жақсарту мақсатында оқу-әдістемелік жұмысты стратегиялық жоспарлау және үйлестіру;

3.2.2 Білім беру бағдарламаларын, Элективті пәндер каталогын талдау және Ғылыми кеңеске бекітуге ұсыну;

3.2.3 Білім беру бағдарламалары бойынша үлгілік оқу жоспарлары талаптарын ескере отырып жұмыс оқу жоспарлары мен жұмыс оқу бағдарламаларын сараптауын ұйымдастыру;

3.2.4 Факультет кеңестерінің жұмыс жоспарларын қарау және бекіту;

3.2.5 Факультеттер мен кафедраларды ҚР ҒЖБМ ұсынған нормативті-әдістемелік құжаттамамен қамтамасыз ету;

3.2.6 Университетте оқу үдерісін әдістемелік қамтамасыз ету мәселелерін талдау және қарау;

3.2.7 Университеттің оқу-әдістемелік жұмысының сапасын талдау, бағалау және мониторинг жасау;

3.2.8 Университетте әдістемелік қамтамасыз етуге байланысты нормативтік-құқықтық актілерді таныстыру және енгізу;

3.2.9 Оқулықтарды, оқу-әдістемелік құралдарды, оның ішінде электрондық түрде және дидактикалық материалдар талдау және оқу үдерісіне ендіру;

3.2.10 Өндіріс пен ғылыми технологиялардың басым бағыттарын болжау негізінде білім беру мамандарының (кәсіптерінің) тізбесін жетілдіру жөнінде ұсыныстарды талқылау;

3.2.11 Оқу-тәрбие үдерісін жетілдіруге және педагог қызметкерлеріне, білім беру ұйымына практикалық көмек көрсетуге бағытталған әдістемелік жұмыстардың әртүрлі нысандарын енгізу мәселелерін талдау;

3.2.12 Білім алушылардың қорытынды аттестаттаудан өткізу үшін кешенді емтихан билеттерін сараптамадан өткізу және бекіту;

3.2.13 Білім алушылардың өзіндік жұмысын және оқытушының жетекшілігімен өткізілетін өзіндік жұмыстарды әдістемелік қамтамасыз ету;

3.2.14 Курс жұмысын, диплом жұмысын орындауға арналған әдістемелік нұсқауларын бекіту;

3.2.15 Пәндердің пререквизиттері мен постреквизиттерді талдау.

### **3.3 Құқықтары**

ОӘК құқылы:

Оқу үдерісін жетілдіру мақсатында құрылымдардың оқу-әдістемелік жұмысына өзгерістерді енгізуді ұсынуға;

ОӘК құзіреті шегінде университеттегі құрылымдық бөлімдердің ҚР ҒЖБМ нормативтік құжаттарын, ректордың бұйрықтарын, ОПҚ-ның жұмыстарының аудиториялық және аудиториядан тыс кестесі, т.с.с. орындалуын қадағалауға;

ОӘК жоспары негізінде мәжілістерді өткізуге;

Өзінің міндеттерін іске асыруда университеттің барлық құрылымдық бөлімдерінен қажетті ақпаратты сұратуға және алуға;

Факультет кеңесінің жұмысына қатысуға және есептерін тыңдауға;

Басқа білім беру мекемелердегі осындай бөлімдермен бірлесіп жұмыс жасауды орнату және оны жүзеге асыруға.

### **3.4 Міндеттері**

Оқу үдерісін әдістемелік қамтамасыз етудің сапа мониторингісі нәтижелерін талдау;

«Жұмабек Ахметұлы Ташенев атындағы университет» ЖНПС		УЕ-01-23
Сапа менеджменті жүйесі	Университет ережесі	2-нұсқа
Оқу-әдістемелік кеңес		7 беттің 4-беті


Университетте шығарылатын оқу, оқу-әдістемелік және әдістемелік әдебиеттерді, құралдарды және басқа да материалдарды баспадан шығаруға жоспарлауды, талдау мен ұсынуды ұйымдастыру;

Университетте оқу үдерісін әдістемелік қамтамасыз ету және оны жетілдіріп отыру;

Оқу-әдістемелік жұмыстарды ұйымдастыру және жетілдіру жөніндегі озық тәжірибелерді талдау және тарату;

Біліктілікті арттыру, педагогикалық кадрларды қайта даярлау және аттестаттау жүйесін жетілдіру;

Оқу үдерісін жетілдіру мақсатында сапа менеджменті жүйесін ендіру жұмысын дамыту және әдістемелік нұсқаулардың дайындалуын қадағалау;

Университетте әдістемелік жұмыстарды үйлестіру;

Университетте білім беру үдерісінің жаңа және қолданыстағы технологиялар, әдістер, құралдар нысандарын енгізу және жетілдіру жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру;

Оқытушылардың оқу-әдістемелік жұмысын ұйымдастыру;

Педагогикалық ұжымның әдістемелік әлеуетін жетілдіру жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру және басқару;

Білім беруді дамыту және басым бағыттарды қалыптастыру, оны іске асыру мәселелері бойынша ұсыныстар әзірлеу;

ОӘК өзінің мақсаттарын, міндеттерін және құзіреттіліктерін сапалы жүзеге асыру үшін жауапты.

ОӘК жоспарының орындалуына;

Қабылдаған шешімдерінің құзіреттілігіне;

Ұсынатын ақпараттың сапасы мен нақтылығына;

ОӘК әрбір мүшесі кеңестің барлық отырысына қатысуға, оның жұмысына белсенді араласуға, жүктелген тапсырмаларды уақытылы және нақты орындауға жауапты.

#### 4 ЖАУАПКЕРШІЛІК

Оқу-әдістемелік кеңес ережесі талаптарының негізділігі мен мазмұнына ББ әдістемелік қамтамасыз ету бөлімі жауапты.

#### КЕЛІСІЛДІ

Оқу-әдістемелік жұмыстар жөніндегі проректор

Стратегиялық жоспарлау, мониторинг және сапаны басқару бөлімінің басшысы



Байнеева П.Т.

Сутгибаева А.А.



«Жұмабек Ахметұлы Ташенев атындағы университет» ЖШС		УЕ-01-23
Сапа менеджменті жүйесі	Университет ережесі	2-нұсқа
Оқу-әдістемелік кеңес		7 беттің 6-беті

Қосымша 2. Ф.01.02

**Оқу-әдістемелік кеңес мүшелерінің  
№\_\_ отырысына қатысу парағы**

\_\_\_\_\_ 20\_\_ жыл

№	ОӘК мүшелерінің аты-жөні	Қызметі	Қолы

Қосымша 4. Оқу-әдістемелік Кеңес отырысының хаттамасы

«Жұмабек Ахметұлы Ташенев атындағы университет» ЖШС

№\_\_ ХАТТАМА

\_\_\_\_\_ 20\_\_ жыл

Оқу-әдістемелік кеңес отырысы

Төраға –

Хатшы –

Қатысқандар: \_\_ адам (тізімі қоса беріліп отыр)

Шақырылғандар: \_\_ адам (тізімі қоса беріліп отыр)

Күн тәртібі

1.....

2.....

3.....

**1. ТЫНДАЛДЫ:**

Қаулы етті:

1.....

2.....

3.....

Төраға:

Хатшы:

